



10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Эрих Мориц фон Хорнбостель
және Берлин фонограмма
аудиомұрағаттары /жалғасы/



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Дәрістің мақсаты: ЛАРС-КРИСТИАН КОЧ “Дыбыстың бейнелері: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары” тарихы жайында әңгімелеу.

Ең басынан бастап музыка ғалымдары музыкалық ара қашықтықтардың шамасын анықтаумен айналысты және бұл салыстырмалы музыкатанудың ең маңызды міндеттерінің бірі еді. Модерн акустикалық өлшем әдістері әрдайым тұрақты дыбыс биіктігін алатын аспаптардың ғана емес фонографпен жазылған музыкадағы да дыбыстың биіктігін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Хорнбостель музыкалық аспаптарды өлшейтін деректердің барша түрінде қателіктер болатынын мойындай отырып, музыкалық жүйені анықтауда оларды өздігінен ешқашан қолдануға болмайтынын ескерткен. Аспаптардың дыбыс қатары әрдайым орындау кезіндегі дыбыс қатарымен сәйкес келе бермейтінін талдау жасаушы адам қаперде ұстауы тиіс, мұны компаративистер - гебраухслайтерлер ескерткен еді. Ерте кездегі компаративистер үшін флейта мен трубалар акустикалық зерттеулер жүргізуде айтарлықтай деңгейде іске алғысыз болды, көбіне қарапайым аспап дайындаушылар музыкалық тәсілдерді басшылыққа алмайтын - үрмелі аспаптардағы саусақпен басатын ойықтар симметриялық жиынтықтарда немесе бамбук түтіктердің табиғи бөлігі арасында шамамен бір бірімен дәл қашықтықта орналасқан. Бұған қоса мұндай үрмелі аспаптардағы қате дыбыс қатарында аспапта ойнаушы ойнау барысында өзі дұрыстайтын. Ең сенімді аспаптар бұрауы келтірілген ұрмалы аспаптар. Оңтүстік шығыс Азиядағы идиофондар оркестрі ксилофондар, қоңыраулар секілді. Дегенмен компаративистер тіпті осы аспаптардың өзі өлшемге алынған кезде мұқият қаралуы тиіс екенін мойындады.

Осындай қиындықтарға қарамастан Хорнбостель музыкалық аспаптарды жинады және мүмкіндігінше оларды өлшеді. Ол өзінің өлшеулерін қалың көпшілікке жарияламағанымен, солай істеуге қатысты жоспарларының болғаны анық: Алғаш рет оның аспаптарды өлшеу топтамасын жақын шәкірттерінің бірі, Индиана университетінде бірнеше жыл сабақ берген әрі сол университетте дәстүрлі музыка мұрағаттарының негізін қалаған, топтаманы кейінірек осы университетке жеткізген Джордж Герцогке өткізгенін естіген кезде, Хорнбостель салыстырмалы музыкатанудың алғашқы онжылдықтарында аспаптарды қаншалықты қолданғанын сұрауға бекінді. Ғалымдарға Блугмингтондағы Мазерс мұражайында шамамен 200 дана музыкалық аспапқа жасалған сынақ туралы мәлім еді, олар бұған қоса «Хорнбостельдің қара жәшігі» туралы қауесетті де естіді, ол жерде оның өзі жазған ескертпелері де бар екенінен хабардар болатын. Бұл этномузыкатанудың әуелгі тарихындағы үзіліп қалған бөлшек іспеттес дүние.

2005 жылы Индиана университетінің дәстүрлі әндер мұрағатына қысқа саяхат барысында Мазерс мұражайына бас сұқты да, Эллен Зибермен әңгімелесті, оның өзі аспаптарды көрсетіп шыққанымен «Хорнбостельдің қара жәшігінің» қайда екенін білмеді. Келесі күні таңертең Эллен Зиберден қысқаша ескертуі бар электронды хат алды. Мұнда: «Қара жәшік табылды.» Мен дереу мұраттажайға аттандым, ол жерде Зибер де күтіп тұрған еді. Қара жәшік орта көлемді картотекалық қорап болатын, ішінде Хорнбостель жасаған музыкалық аспаптарға қатысты қосымша ескертпелері болды, әрі аспаптарға қатысты суреттер мен хат алмасулар да бар деп күтілген, ондағы материалдар әлемдік музыка тарихына жаңаша сәуле түсіретін дүниелерге бай еді. «Хорнбостельдің қара жәшігін» осы аяда қарастыру үшін Берлиндегі алғашқы жылдарындағы ең бастапқы әдістерінің кейбіріне назар аударып көрейік. Мысалы ғалымның ксилофонды өлшеуі.

1913 жылы ол “Tonsinn und Musik” (Тон мен музыканың мәні) атты қолжазба дайындап, онда тонның психологиялық құбылысын мұқият дайындалған сұрақтар бойынша бүге-шүгесіне дейін сипаттап жазған (мақала сол күйі жарияланбаған және мәшінкеде басылған нұсқасы ғана сақталып қалған). Бастапқы кездегі салыстырмалы музыкатанудағы әдіс пен техникаларды түсіну жолдары арқылы осы кездегі музыкатануда психологияның қаншалықты маңызды болғанын түсінеміз.

Жарыққа шықпаған қолжазбада 138 позиция немесе бәлкім дұрыс қарастырылған деуге тұрарлық сұрақтар легі бар. Олардың барлығы сол уақытта қарабайыр адамдар деп аталған жандарды психологиялық тұрғыдан зерттеуге басшылыққа алынатын ережелерді қамтамасыз етуге арналған. 1906 жылы Карл Штумпф пен оның Берлин университеті Психология институтындағы әріптестері неміс антропология Ричард Турнвальдқа, Меланезияға экспедицияға аттанбас бұрын жан-жақты нұсқаулық берген болатын. Мұндай басшылыққа алатын ережелер ол жұмыс істейтін жерлерде өте пайдалы болғандықтан, оған этнопсихологиялық зерттеулер барысында басшылыққа алатын принциптерді ұсынған еді. Осындай жол көрсетуші қағидалар жиынтығын дайындау батыстық емес мәдениеттерден пәнаралық дерекқорлар жинаудың бұрын-соңды болмаған кейіпте күшеюіне алып келді. Зерттеуші әуесқойлар құрылғылар мен зерттеулерге қатысты стандартталған нұсқаулықтарға қол жеткізген кезде кәсібилене бастады.

Миссионерлерге, отарлық әкімшілік басқарушыларға және әртүрлі саладағы ғалымдарға этнологиялық



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

және этнопсихологиялық дерекқорлар жинау ұсынылды. Материалдар топтамасы, олардың басшылыққа алынатын ережелерге сәйкес құжаттанған түрлері мен қорлары университеттерге, мұражайлар мен мамандандырылған зерттеу институттарына жинақталды.

Сәйкесінше, мәдени өлшемдердің барша этнологиялық, психологиялық және тәжірибелік қырларын салыстыратын тәсіл ойлап табылды. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу материалдарының көлемді мөлшерін жинақтау қажет. 1912 жылы Отто Липманн құрған Қолданбалы психология институты мен Потсдам психологиялық зерттеулер жинағы «Қарапайым адамдарға психологиялық зерттеу жүргізу нұсқаулығын» шығарды, ол жерде басқа дүниелерден бөлек түс сезімі, оптикалық перцепция, уақыт сезімі жайлы тараулар болды. Жетіспей тұрған жалғыз тарау дыбыстар мен музыканы қабылдау жайындағы тарау еді. Хорнбостельдің 1913 жылғы мәшінкеде басылған қолжазбасы осы қызметті толтырар еді.

Хорнбостельдің қолжазбасы он тараудан және қосымшадан тұрады. Тараулар далалық зерттеулердегі нақты оқиғаларды оңтайлы жеткізетін бірнеше зерттеу саласына анық бөлінген. Хорнбостель негізгі нәрселерден бастайды, әйткенмен әр тарауда дерлік күрделі дүниелерге тоқталады. Оның нұсқауларын оқи отырып, бұған дейін өзіне қатты әсер еткен қандай да бір далалық зерттеу жасағанын анық байқауға болады. Сонымен қатар оның нұсқаулығының соншалықты ауқымды әрі нығыздалған мәліметке толы екені таңқалдырады. Біз 40 беттен астам немесе тыңғылықты сұрақтары бар 138 позициядан тұратын нұсқаулықпен жұмыс істеуді, мұнымен қоймай белгілі бір мәдениеттің адамдарымен байланыс құруды, олармен тәжірибелер жүргізіп, мұның тон психологиясының тек бір бөлігі ғана екенін біле отырып, далалық зерттеулер жүргізуді тек қана қиялдай аламыз. Түстерді қабылдауға, оптикалық перцепция және уақытты сезіну жайлы сұрақтар әлі де зерттеушілердің бұл жаққа назар аударуын күтіп жатқан еді. Егер мұндай қатаң тәртіптегі далалық зерттеулерді жүргізу мүмкін емес, деп ойлағанның өзінде, мұндағы жұмыстардың жүйелі түрде ұйымдастырылғанын жоққа шығаруға болмайды.

Өлемдік музыка тарихындағы осы бір шешуші сәттегі Хорнбостельдің музыкалық психологиядағы далалық зерттеулері жайлы идеялары турасында бір түсінік қалыптастыру мақсатында осы жерде тарауларын жинақтап бермекшіміз.

Таспаға лингвистикалық мәселелерге қатысты сұрақтарға, тілдік таспаға түсіру сеансы кезіндегі қимыл әрекеттер, тәжірибеге қатысты сезінгендері жайлы пікірлер және дыбыстарға, аспаптарға, музыканың дүниеге келуі, эстетика және әрине ән мәтінімен байланысты сөйлеу мен тілге қатысты сұрақтар ұзын-сонар тізім құрайды.

Кейінгі тармақтарға дыбыс шығарушы аспаптарға қатысты (швальверкзойге); мәселелерді Хорнбостель егжей-тегжейлі қарастырады. Атаулар мен терминдерге қатысты сұрақтар аспаптың құлақ күйін келтіру, аспаптарды дайындау мен аспапта ойнау сәттері, тіпті бақылап отырған жан аспапта ойнауды үйретуді қамтиды.

Келесі тармақтар дәл сондай жолмен вокалдық музыкаға қатысты, бірақ көбірек бүге-шүгесіне тоқталады. Ырғақты сүйемелдеу, дыбыстың сапасы, эстетика, жағдайлар, мәтіннің мазмұны, әуен, олардың меншік құқығы, суырып салма және соған ұқсас дүниелер т.б. қамтиды.

Зерттеушіден гөрі ақпарат беруші дыбысты немесе шуды ертерек және жақсырақ естуге қабілетті, оған дыбыстың бағыты мен түп төркінін ұғу оңайырақ екенін түсінген сәттерге қатысты.

Хорнбостель ұсынған бір мысалды алайық: Зерттеуші көзі байлаулы күйде тәжірибеден өтіп жатқан, яғни бұл жерде дыбыс шығып жатқан бағытты сипаттауы тиіс адамның дәл көзінің алдында саусақтарын жұдырығына қысады немесе қалта сағатын ұстап тұрады. Бұдан өзге 113 тармақтан тұратын жұмыс үдерісі барысында ырғақты қаншалықты байқап, сезе алатынын сынақтан өткізіп жатқан адам, таяқшамен ұрғылай отырып, уақытында қайталау арқылы білдіреді, ал бұл уақытта зерттеуші оны сынақтан өтіп жатқан адамның артында тұрып маятникпен өлшеп тұрады.

Кейін зерттеуші жергілікті музыкалық аспаптарға және олардың дыбыстық қабылдауларға қатысы жайлы жазған. Мысалы, Хорнбостель субъектіге жергілікті аспапты беріп, оның көшірмесін жасауды өтінуді ұсынады. Зерттеуші олардың айырмашылықтарын шамалау үшін аспаптың екеуін де үйіне әкелуі тиіс; бұл мүмкін болмаса аспаптың екеуін де жазып алуы тиіс. Ол сонымен қатар жергілікті аспаптарда әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, ойнап көруге (барабандарды ортасынан немесе айнала ұру), сосын қатысушылардан қалай дыбысталғаны жайлы сұрауға кеңес береді. Бұған қоса Хорнбостель зерттеушіге тәжірибеден өтушілерден бірдей ме, әртүрлі ме, әлде мүлдем өзгеше ме екенін сұрай отырып, түрлі аспаптардың ара қашықтықтарын ойнап көруді сұрайды.

Одан әрі Хорнбостель фонографты қолдану жайлы қалыпты нұсқаулықты көрсетеді, зерттеуші үшін осы салада қажетті толық құрылғыны және құжатты қалай жақсы толтыруды қамтиды. Біз бұл жерде



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

техникалық аспектілері жайлы бірде-бір көзқарас таппаймыз. Тек 126–9 тармағында ақпарат беруші фонографтарға қатысты реакциясына байланысты сұрақтар бар: олар қорқа ма, таң қала ма, танданыс білдіре ме және т.б.?

Хорнбостельдің мақсаты музыка дарындары жайлы сенімді дереккөздерге қол жеткізіп, құлақпен есту деңгейі мен тонды сезіну сапасы арқылы әуесқой саяхаттаушы-зерттеушілерді шынайы тәжірибелерге бағыттау болды. Ол тәжірибелерді өткізуге қатысты пайымдарында өте дәл, зерттеушіге сенбейтінін көрсете отырып, барлық тәжірибелердің екі реттен жасалуын өтінеді. Ол адамның орындауы мен аспапта ойнау секілді түрлі жолдармен дыбыс жазудың неше түрлісін қолданады. Олардың кейбірі оның жеке өзінің далалық зерттеулерінің құжаттарын қамтиды, осылайша ерте кездегі салыстырмалы музыкатанудағы этнографиялық тәжірибелерді қолдануға сәуле түсіріп, дамытады.

1913 жылы жазылған «Тон мен музыканың мәні» этномузыкатанудың ерте кезеңдегі тарихына елеулі үлес қосатын зерттеу, оның еңбегі Берлин мектебіндегі компаративистер әлемдік музыка топтамалары арасында құрғысы келген байланыстардың мәнін аша түседі, сонымен бірге ол бетпе-бет келген талдаулар мен тәжірибелердің жаңаша әдістері мен дереккөздерін айналымға енгізді. Бұл байланыстар зерттеушілердің эссесіндегі жазылған таспалардан келіп шығады; мысалы 138 тармақта зерттеушіні Хорнбостельдің өзі 1906 жылы Құрама Штаттарға сапары кезінде Оклахомада жасаған таспасына бағыттайды. Бұл балауыз цилиндр «Ырғақ зерттеулері» деп аталады, ал негізінде Хорнболтельдің өзі «Скаут» деп атаған Паунимен сұқбат жасады. Таспа Хорнбостель нұсқаулықты жазған жылдарға дейін осындай тәжірибе зерттеулерге қатты қызыққанын айқындап береді, бұл әсіресе оның 1906 жылы Құрама Штаттардағы зерттеулері кезінде Карл Штумпфқа жазған хатында айқынырақ көрінеді. Жазылған тәжірибелерінде 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдерде түрлі ырғақтар барабанда орындалады, оны біріншісін Хорнбостельдің өзі орындайды, сосын Скаут та қайталайды. Бұл ырғақ тұжырымы мен музыка пайымының қабылдау барысындағы айырмашылығын айқын көрсетіп береді. Хорнбостельдің Пауни топтамасының тек белгілі бір бөлігі ғана таспаның сапасы мен мазмұнына қарай гальванизацияланды: 31 цилиндр - «Ырғақ зерттеулері» тек түпнұсқасы ғана сақталып, көшірмесі жоғалғандардың арасында. Дегенмен, көшілірген цилиндрлерге қолданылатын Хорнбостель сипаттаған процедуралар Хорнбостельдің тәжірибелік әдістері жайлы терең түсінік береді, өйткені оның дауысы мен хабарламасын оңай айқындауға болады.

Оның солтүстік америкалық зерттеулері мен этнографиялық жұмыстарынан бөлек Хорнбостельдің бұл салада белсенді жұмыс істемегенін білеміз және «Тон мен музыканың мәні» мен тәжірибе нұсқаулығы ешқашан баспадан шықпаған. Сондықтан тәжірибе жұмыстары үшін қажетті дерекқорларды жинай алмаған, деп топшылауға болады, бұл да басқа зерттеушілерге жүгінуді талап етеді. Алайда, оның Құрама Штаттарда жүргізген далалық зерттеулеріне қарасақ, салыстырмалы зерттеу тұрғысынан музыкалық психологияға қатты қызығушылық танытқаны байқалады. Бұл өз кезегінде өзінің далалық зерттеулері үшін және Берлиндегі салыстырмалы музыкатану саласындағы әріптестері үшін зерттеу жоспарын дайындауына алып келеді. Құрама Штаттардан жазған алғашқы 1906 жылы, 12 қазандағы хатында Хорнбостель Чикагодан жазған хатында Оклахомадағы кейбір пауни үндістерін таспаға жазу жоспары бар екенін және пауни көсеміне әдістерін сынақтан өткізуге бел байлағанын білдіреді, ол онымен келесі апта ішінде Оклахомаға жеткенде кездесуді күтіп жүргенін де баяндайды. Оның бұл уақытта Чикагодағы психология институтымен ендігі байланысы бар болатын, ол Далалық зерттеу мұражайында екені анық, дәл сол жерде барабан акустикасын жазуды қалаған еді.

Оклахомадан Штумпфқа 1906 жылғы 9 қарашада жазған келесі хатында ересектермен тәжірибе өткізудің қиын екенін тілге тиек етеді, ересектермен түстерді ажырату сезімі мен көздерінің өткірлігін тексеріп алған тек үш адаммен шектейді. Ол балалармен жасалған тәжірибенің айтарлықтай оңай өткенін айтады. Жергілікті мектепте ол отыз үш пауни балаларын табады да, оларды түстерді ажырату сезімі мен көздерінің өткірлігін тексеріп алады, оптикалық иллюзиялар, визуал реакция уақыты мен жаттау қабілетіне қатысты қосымша сынақ түрлерін қосады.

Тек бірнеше күн өткен соң, 1906 жылы 15 қарашада Карл Штумпфқа «шынайы мескал рәсімінің» куәсі болғанын жазады, ол түні бойы медицинаға байланысты әндерді тыңдауға мүмкіндік алған. Бұдан соң оның назары жергілікті үндіс мектебінде оқитын балаларға ауады, солардың көмегімен жаттау қабілетіне қатысты сынақтар өткізді, кейіннен оларды байырғы америкалықтардың балалары жоқ мектептердегі оқушылардың слух диктанты нәтижелерімен салыстарған еді. Ол пауни балаларымен музыкалық тәжірибе өткізбек болған кезінде қайталанып отыратын тондар мен үшдыбыстылыққа (трезвучиеге) қатысты эстетикалық бағалауды жүзеге асырар шақта балалардан төрт түрлі әдіспен музыканы қайта орындауды өтініп мұны жүзеге асырды:



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

1 Әуен тондарын есту; 2 Жоғары дыбыстарды анықтау; 3 Әуенде көлемді ұзақтықтарды белгілеу; 4 Жоғары және төмен бағытталған ара қашықтықтар, негізінен октавалар, квинталар, кварталар және терциялар.

Хорнбостель өзінің әдістері үшін музыка маманы емес ақпарат берушілермен тәжірибенің қаншалық маңызды болғанының астын сызып көрсетеді. Штумпфпен хат алмасуында кейбір ақпарат берушілердің өз диапазоныннан жоғарғы немесе төменгі диапазонда айтатынын тілге тиек ете отырып, тіпті октавада орындауды сұраған кездің өзінде осы диапазоннан шықпайтынын жазады. Сондықтан маман емес музыканттар ең алдымен үйреніп қалған әдепкі дүниелерді орындайды, салыстыруға тұрарлық музыкалық тәжірибелерінен тысқары шығатындай әндерді өте аз айтады.

Ол тағы да музыкант емес адамдармен көпшілік эксперимент жүргізудің қаншалықты маңыздылығын айтып өтеді. Бұл хатта ол кейбір тәжірибеден өтіп жатқандар дауыстары жететін ең жоғарғы немесе ең төменгі нотаны ұстайды, тәжірибеден шыға сала октавада ән салуды қойып, өздеріне ыңғайлы дауыс диапазонында шырқайтынын жазады. Оған музыкант емес жандар ән салатын ноталарында ыждаһат танытқанды жақсы көретін әдеттері бар секілді көрінеді. Ол өткізуге дайын болған тәжірибелердің деңгейі арбауға қатысуға және бақсының медициналық әндерді жазып алуға қолдануға талпынысын сипаттаған кезде анық білінеді.

Ұстазы Карл Штумпфтың қатты ықпалымен жаратылыстану ғылымдары арқылы қалыптасқан психологиялық тәжірибелерден салыстырмалы музыкатануда әдістерді қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды, деп санады.

Берлин фонограмма мұрағаты және әлемдік музыка тарихында өзгеріп жатқан парадигмалар тарапынан қарастырған уақытта, Штумпфпен бірге Хорнбостель салыстырмалы музыкалық психология үшін, кеңірек алсақ, тіпті этнопсихологияға қажетті субъективтілікті қалыптастыруға белсенді араласты. Құрама Штаттардағы алғашқы далалық тәжірибесінен соң, Хорнбостель музыкалық психология саласындағы тәжірибелерін жалғастырды. Тіпті I Дүниежүзілік соғыс кезінде Хорнбостель мен Вертхаймер неміс әскерінің сарбаздарымен тәжірибелер ұйымдастыра отырып, дыбыс бағыттарын есту қабілетін зерттеді, бұл тәжірибелердің нәтижесін ұрыс жағдайларында қолдана алатындай ету үшін қажет еді.

Музыкалық психология I Дүниежүзілік соғыстан кейінгі бірнеше жылдар бойына Хорнбостельге, Штумпфқа және Берлин фонограмма мұрағатымен қатынастағы компаративистерге әсер етуін тоқтатқан жоқ, бірақ ол біртіндеп 1920 жылдардан бастап салыстырмалы музыкатануда маңызын жоғалта бастаған еді. Парадигмада өзгерістер басталды: Хорнбостель мен Штумпф музыкатануда жаратылыстанудың жалғасы ретінде жобалаған тәжірибелерден бастап, негізінен антропология, этнология және әлеуметтану секілді әлеуметтік ғылымдарға қарыздар жинақтау мен талдау әдістері кезеңіне дейін, және Еуропадан орын ауыстырған тұрғындардың өз мәдениетімен әлемдік музыканы салыстыруынан бастап, жат жұрттардағы музыкалық мәдениетті трансформациялаған мәдени қақтығыс жағдайларына дейін парадигма өзгерісі жүзеге асты. Берлинде жинақталған, сақталған және талдау жасалған балауыз цилиндрлер ең әуелі тарих үшін әлі де маңызды болып қала бермек, бірақ солар арқылы қолданылған ғылыми әдістер өзгеруі кәдік еді. Олар уақыт өткен сайын тура және ауыспалы мағынасында әлемдік музыка таспасына айналды, айырмашылық пен өзгерісті көрсете отырып, салыстырмалы музыкатануды этномузыкатануға өзгертін тарихи интерпретация мен тарихнамалық ұстанымдардың негізі боп қалды. XX ғасырдың ортасында I Дүниежүзілік соғыстың қиратуларынан соң, айтарлықтай өзгерген Берлин фонограмма мұрағатының тәжірибелік негіздері әлемдік музыка тарихында жаңа тараулардың бетін ашуы тиіс болатын.

Дәріс тақырыбы бйынша қосымша ресурстар:

1. Бастиан, А. (1869) 'Das naturliche System der Ethnologie', Z eitschriftfur Ethnologie, (1888) Allerlei aus Volks- und Menschenkunde, Берлин
2. Г. және А. Саймон (ред.) (2002) Әлемде музыкалық мұрағаттау: Берлин фонограмм-мұрағаттарының 100-жылдығына арналған конференцияда ұсынылған құжаттар, Берлин
3. Bohlman PV (2002). Әлемдік музыка: алғы сөз, Оксфорд университетінің баспасы
4. Эрнст Зигфрид Миттлер және Сон Кёниглице Хофбухандлунг Кристенсен, Д. (1991) 'Эрих М. фон Хорнбостель, Карл Штумпф және институционалды «Салыстырмалы музыкатану», кітапта Б. Неттле және П. В. Болман (ред.), «Салыстырмалы музыкатану және музыка антропологиясы»: этномузыкалогия тарихының очерктері
5. Каир Конгрессі (1934) Recueil des travaux du Congres de Musique Arabe , Каир: Imprimerie nationale,



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары /жалғасы/

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Булак

6. Хорнбостель, Е. М. фон (1905) «Die Probleme der vergleichenden Musikwissenschaft», Zeitschrift der internationalen Musikgesellschaft
7. Барт Клоц С. (ред.) (1998) Vom tonenden Wirbel menschlichen Tuns: Эрих М. фон Хорнбостель и Гештальтпсихолог, Archivar und Musikwissenschaftler, Берлин